

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года**

PROCEEDINGS

**International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova**

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

Білім беру жүйесінде «педагог-зерттеушінің» кәсіби және тұлғалық қалыптасуындағы тәжірибенің өлшемдерін нақтылай алдық. Біріншіден, әр іс-әрекет кәсіби маңызды сапалардың нақты жиынтығын талап ететіндігін, екіншіден, ақырғысы сапалардың «механикалық» бағасы еместігін, ал олардың заңды тұрғыда ұйымдасқан жүйесі екендігін білдіреді. Жеке кәсіби маңызды сапалар арасында өтеу және көмектесу типіндегі функционалды өзара байланыс құрылады.

Демек, педагогика гуманитарлық ғылым ретінде қазіргі кезде шынында парадигмалық дағдарысты өз басынан өткізіп жатыр, бар тұғырларды тереңдетуде және жаңаларын жасауда, әлеуметтік және гуманитарлық танымның ұстанымдарын, жаңа әдіснамалық ұстаным мен тұғырларды іздеуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері және педагогикалық зерттеудегі логика // Сәдуақасқызы К., Тапаева А., Бәйімбетова Г.Т., Төрбек Б.Ж. / «Молодой учёный» журналы. № 20.1 (79.1). 12, 2014., Б. -44-46

2. Г.С. Сапарова, И.И. Айдарханова, Д.А.Адилжанова. Ғылыми-педагогикалық зерттеу тәсілдері оқу үдерісін жетілдірудің қуатты құралы ретінде. Әдістемелік құрал. -Астана қ., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 44 б.

3. Б.Х. Ахмадуллаева, Г.М. Злавдинова. Мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамыту. -Астана қ., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 76 б.

ӘОЖ 159.922

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жаксылыкова Самал Айтпайқызы

samal-zha@mail.ru

7M03103 «Психология» мамандығының 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – А. Айтышева

Мақала инклюзивті білім беру, тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі туралы жалпылама мәліметтер ұсынады. Жалпы білім беретін мектептің психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру контексінде инклюзивті білім беру моделін енгізу тәжірибесі қарастырылады.

Представлены обобщенные сведения о понятии и понимании инклюзивного образования, психологической безопасности личности. Рассматривается опыт внедрения модели инклюзивного образования в контексте создания психологически безопасной образовательной среды общеобразовательной школы.

Generalized information about the concept and understanding of inclusive education, psychological security of the individual is presented. The article considers the experience of implementing the model of inclusive education in the context of creating a psychologically safe educational environment of a comprehensive school.

Кілт сөздер: инклюзия, қауіпсіздік, тұлға, білім беру, мектеп, балалар, психологиялық денсаулық, бейімделу.

Қазіргі уақытта адамның психикалық дамуына сыртқы жағдайлардың әсер етуі психологиялық зерттеулердегі теория мен практика үшін маңызды болып табылады. Бүгінгі заманда адамның позитивті тұлғалық дамуын қамтамасыз ету және психикалық денсаулығын сақтау сыртқы ортаның жағдайына байланысты екенін дәлелдеу қажет етпейді.

Психологиялық қауіпсіздік білім беру ортасының дамытушылық сипатын анықтайтын жетекші сипаттама болып табылады. Ол оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық жағдайларын жобалау мен модельдеу үшін негіз бола алады, сонымен қатар тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларының психологиялық денсаулығын нығайтуға және дамытуға ықпал етеді. Психологиялық қауіпсіздік білім беру процесінің барлық субъектілерінің: балалардың, ата-аналардың және педагогтардың психикалық және кәсіби дамуының оң мүмкіндіктерін іске қосатын шарт болып табылады[1].

Инклюзивті білім беру негізгі мақсат ретінде қандай да бір білім түрінде балалардың жеке ерекшеліктеріне, бұрынғы оқу жетістіктеріне, ана тіліне, мәдениетіне, және әлеуметтік статусына, физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан білім алуына қажетті жағдайды жасауды негізге қояды[2].

«Қауіпсіздік» ұғымы психологиялық тезаурустың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, ал психологиялық жеке тұлғаның қауіпсіздігі жеке дербес ғылыми бағыт болып табылады. Адамның психологиялық қауіпсіздігі қиын және экстремалды жағдайларда адам психикасының ресурстарының мобилизацияланымен қарастырылады, ал қауіпсіздік қажеттілігін іске асыру – психологиялық тұтастықты сақтау, шынайы қанағаттану сезімінің болуы және болашаққа деген сенімділігінің болуы, мүдделер мен құндылықтардың қорғалу сезімімен байланысты(И.А. Баева, Е.В. Бурмирова, Б.А. Еремеев, Т.Н. Ермаков, М.Е. Зеленова).

Психологиялық денсаулық адамның ішкі әлеміне, оның психикалық процестері мен механизмдерін, тұлғалық құрылымдарын оңтайландыруға көңіл бөледі және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз етеді[1].

Білім алу процессіндегі шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға инклюзивті білім беру міндеттерінің спектрі алуан түрлі болып келеді. Бұл спектрлерге мыналар жатады: әр түрлі мүмкіндіктері шектеулі балаларға бірыңғай білім беру ортасын құру; дені сау құрдастарымен бірлескен іс-әрекеттегі психофизиологиялық даму ерекшеліктері бар балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту; диагностикалық-консультативтік, коррекциялық дамыту, емдеу-профилактикалық, әлеуметтік-еңбек бағыттары арқылы

инклюзивті білім беру үдерісін тиімді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесі және т.б.[3].

И. А. Баева психологиялық қауіпсіздік ұғымын келесі аспектілерде қарастырады: білім алушылардың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ететін білім беру ортасының жағдайы ретінде; ортаның референттік маңыздылығын сезінуге ықпал ететін тұлғааралық қатынастар жүйесі ретінде; тұлғаның толыққанды дамуына қауіп-қатерді болдырмауға бағытталған шаралар жүйесі ретінде[4].

Нормативті дамып келе жатқан балалар мен дамуындағы ерекшелігі бар балалар бірлесіп білім алатын инклюзивті білім беру ұйымдарында психологиялық қауіпсіздіктің белгілі бір "қауіп-қатері" пайда болуы мүмкін:

- инклюзивті білім беру кеңістігін ұйымдастыру үдерісінде білім беру ұйымдары қызметінің стратегиясын өзгерту;
- инклюзивті білім беру ортасында дамуында ерекшелігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерін шешу үдерісінде педагогтардың төмен белсенділігі;
- педагогикалық үдерісті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеумен педагогикалық ұжымның шамадан тыс жүктелуі, бұл дамуында ерекшелігі бар білім алушылардың тұлғасын дамыту үшін нақты жағдайлар жасауға кедергі келтіреді;
- педагогтердің кәсіби күйреуіне, нормативті дамушы балалардың және олардың ата-аналарының инклюзивті білім алуға дайын еместігіне, дамуында ерекшелігі бар білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық ерекшеліктері;
- жалпы білім беру ұйымдарында дамуында ерекшелігі бар балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек жүйесінің жеткіліксіз дамуы;
- білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ететін алдын алу шараларының жеткіліксіздігі.

Л.Л. Любимов, В.Д. Соловей, С.Г. Тер-Минасова, А.В. Хуторский, Т.В. Чернигованың пікірі бойынша, қазіргі заманғы мектептің басты қасиеті ол білім алушыларға қатысты моральдық және психологиялық зорлық-зомбылық жүйесіне айналды. «Зорлық-зомбылықтың басты көзі мен құралы - мұғалімдер. Жеке тұрақсыздық, кәсіби жарамсыздығын, әлеуметтік мәселелерінің шешілмеуі оқушылардың кінәсі деп біледі, яғни, олар тікелей өз проблемалары мен сәтсіз өмірі үшін кек алады. Классикалық психоаналитикалық жүйе» (В. Д. Соловей)[5].

Г.В. Грачев адамның мінез-құлқына сыртқы ақпараттық факторлардың әсерін атап өтеді, психологиялық қауіпсіздікті «адамның әлеуметтік мінез-құлқының барабар ақпараттық-бағытталған негіздерін қалыптастыру мен қызмет етуіне кедергі келтіретін және қиындататын әртүрлі ақпараттық факторлардың әсерінен психиканың қорғалу жағдайы және қазіргі қоғамдағы

жалпы тіршілік әрекеті, сондай-ақ оның қоршаған әлемге және өзіне субъективті қарым-қатынасының барабар жүйесі» ретінде қарастырады[6].

Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін құру бағытындағы жұмыс гуманистік бағдарлы технологияларға және жеке даму нормаларына негізделуі тиіс. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасы индивидтің әлеуметтік бағдарланған қажеттіліктерін қанағаттандыруға және дамытуға, оның өзін-өзі бағалауын сақтауға және арттыруға, білім беру ортасына қатысушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс. Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін анықтау критерийлерін сипаттай отырып, М.Ф. Секач және Э.Э. Сыманюк қарым-қатынас субъектілерінің диалогтық бағыттылығы, психологиялық зорлық-зомбылық, оның қатысушыларының білім беру ортасының параметрлеріне оң көзқарас, білім беру ортасы субъектілерінің гуманистік орталықтануы, мектеп ортасымен қанағаттану дәрежесі сияқты көрсеткіштерді көрсетеді.

Қорыта келе, инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық қауіпсіздіктің негізі – өзара бағытталған триадалық жүйе: ата-аналар – балалар – дамуында ерекшелігі бар балалар, осы жүйе сақталғанда ғана білім беру процессіндегі психологиялық қауіпсіздік жүйесі орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. . Обеспечение психологической безопасности в образовательном учреждении: практическое руководство / под ред. И.А. Бaeвой. – СПб.: Речь, 2006. – 288с.
2. Шипицына, Инновации в российском образовании: специальное (коррекционное) образование -2000. – М.: Изд-во МГУП, 2000. – С.12-17
3. Малофеев, Н.Н. Специальный федеральный государственный стандарт общего образования детей с ограниченными возможностями здоровья: основные положения концепции / Н.Н. Малофеев, Е.Л. Гончарова, О.С. Никольская, О.И. Кукушкина // – 2009. – №1. – С.5-19
4. Баева, И. А. Психологическая безопасность образовательной среды: учеб. пособие / под ред. И. А. Бaeвой, И. А. Волковой, Е. Б. Лактионовой. – М., 2009. –247 с.
5. Психологическая безопасность образовательной среды вуза: Материалы всероссийской научной конференции (Нижний Новгород, 14 дек. 2018 г.) / Отв. за вып. проф. Г.В. Сорокоумова. Н. Новгород: НГЛУ, 2018. 96 с.
6. Грачев Г.В. Информационно-психологическая безопасность личности: состояние и возможности психологической защиты. М.: Изд-во РАГС, 1998 - 125 с.